



ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Агрессияға не әсер етеді?

3-тарау. Конформизм. Иландыру. Агрессия



Дәрістің мақсаты: оқырмандарда агрессияға не әсер ететіндігі туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Келеңсіз оқиғалар;
2. Қозу;
3. Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері: порнография және сексуалды зорлық-зомбылық;
4. Топтың әсері.

Бүгін сіздермен агрессияға не әсер ететіндігі жөнінде сөз қозғаймыз.

Қандай жағдайларда біз өзімізді агрессивті ұстаймыз? Кейбір айқын әсерлерді қарастырайық: олар аверсивті инциденттер, яғни келеңсіз оқиғалар, қозу, бұқаралық ақпарат құралдары және топтық контекст.

Келеңсіз оқиғалар

Агрессия кейбір келеңсіз оқиғалардың негізінде туындайды. Оларға ауыру сезімдері, аптап ыстық, шабуыл жасау немесе қозу жатады.

Ауыру

Ауырсыну сезімі адамдарда да агрессияны арттырады. Мәселен, аяқтың башпайын қатты соғып алғанда немесе басымыз қатты ауырған кездегі реакциямызды есімізге түсіріп көрейік. Леонард Берковиц және оның әріптестері Висконсин университетінің студенттеріне бір қолын не жылы, не суық суға сүйегі сырқырағанша салып тұруды ұсына отырып, агрессивті реакцияның пайда болуын бақылады. Қолдарын мұздай суға салғандардың ызаланғаны сонша, олар қасындағы серіктесін балағаттап, оған тап беруге дайын болғандарын жасырмады. Алынған нәтижелер Берковицке мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: фрустрация емес, аверсивті стимуляция өшпенділік агрессияның негізгі табалдырық механизмі болып есептеледі.

Фрустрация жағымсыз сезімдердің маңызды көздерінің бірі екенін көрсетеді. Бірақ кез келген аверсивті жағдай – мейлі, ол – ақталмаған үміт, жеке басының қорлануы немесе физикалық ауыру болсын, эмоциясын бұрқ етіп көрсетуге алып келе алады. Тіпті депрессиялық жағдай агрессия тудыру ықтималдығын арттырады.

Аптап ыстық

Климаттың уақытша өзгерісі мінез-құлыққа әсер етуі мүмкін. Жағымсыз иістер, темекі түтіні, ауаның ластануы – осының бәрі агрессиялық мінез-құлықпен байланысты болуы ықтимал. Табиғи ортаны зерттеу аптап ыстықтың қоздырушы сипаты бар екенін анықтады. Уильям Гриффит ауаның температурасы қалыпты бөлмеде анкета толтырған студенттер мен өте шағын бөлмеде анкета толтырған студенттерді салыстырғанда, олар өздерінің шаршаңқы, агрессиялы сезімде екендерін айтқан, сонымен қатар олар келген бөгде адамдарға өшпенділікпен, дөрекі жауап берген. Келесі эксперименттер аптап ыстық, сонымен қатар кекшілдік сезімін оятатынын көрсетті және әлеуметтік оқшаулануға сезімтал адамдар да агрессия тудырады.

Аптап ыстық лабораториялық жағдайларда да, шынайы ахуалда да агрессивтіліктің артуына алып келе ме? Енді мына мәселелерді қарастырайық:

- Финиксте кондиционер орнатылмаған көлік жүргізушілері жылдамдықты баяулатқан машиналарға жиі сигнал береді.



• Зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстардың көпшілігі ыстық күндері ғана емес, жылдың шыжыған мерзімінде, қапырық ауасы аз, тымырсық қалаларда және айтарлықтай ыстығырақ аудандарда болады. Андерсон мен оның әріптестерінің болжамы бойынша, егер климаттың глобалды жылу салдарынан ауа температурасы 4 °C-ге дейін жоғарыласа, онда тек бір АҚШ-та жыл сайын кем дегенде 50 000 ауыр қылмыс жасалатын болады.

Бұл шынайы нәтижелер температуралық дискомфорттың тікелей агрессивтілікті тудыратынын көрсете ме? Дегенмен қорытынды шындыққа ұқсағанымен, температура мен агрессия арасындағы бұл корреляциялар оларды дәлелдемейді. Адамдар, әрине, ыстық, қапырық ауа райында ашушаң болуы мүмкін. Лабораторияларда да ыстық температура қозу мен ашу сезімдерін күшейтеді. Дегенмен басқа факторлар да әсер ете алады.

Шабуылдаушы мінез-құлық

Басқа адам тарапынан шабуыл немесе қорлау – агрессияның ерекше күшті қоздырушысына айналады. Бірнеше эксперимент қорытындысы әдейі жасалған шабуылдар жауап ретіндегі қарсы шабуылды тудыратынын растайды. Аталған зерттеулердің көпшілігінде экспериментке қатысушыларының бірі басқа біреумен реакция жылдамдығымен жарысқа түсті. Сынақтың әр кезеңінен соң жеңімпаз бен жеңілудің генінің электр разрядының күші қандай болатынын жазып берген. Шындығында, әр адам электр разрядының мөлшерін үздіксіз күшейтіп отыратын қарулы қарсылас рөлін ойнайды. Шынайы қатысушылар мейірімді болды ма? Бұл – екіталай. Негізінен, олар «қанға-қан» қағидасы бойынша әрекет етті.

Қозу

Біз аверсивті стимуляцияның бірқатар түрлері ашу тудыруға қабілетті екенін білеміз. Қозудың басқа түрлері де дәл осылай әрекет етеді деп айтуға бола ма? Мысалы, сексуалды немесе физикалық жүктеме салдарынан туындаған қозу. Елестетіп көріңіз, Лурд біраз жүгіріп, үйіне келген соң кешкісін кездеспек болған адам оған өзінің жоспары өзгергені жайлы айту үшін қоңырау шалғанын біледі. Лурд бұл хабарламаны күндізгі ұйқыдан кейін алған кезде ашуланар ма еді немесе жүгіруден кейін алғанда көбірек ашуланатын ба еді? Физикалық жүктеме оның агрессивті энергия қорын «жойып» жіберді ме? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін біз өзіміздің физикалық ахуалымызды қалай ұғынатынымыз және сараптайтынымыз жайлы зерттеудің бірнеше қызықты нәтижелерімен танысайық.

Стэнли Шехтер және Джером Сингер өздерінің кең танымал эксперименттерінің бірінің нәтижелері негізінде мынандай қорытындыға келді: адамдар физикалық қозу жағдайын басынан әртүрлі кешіреді. Олар сынаққа қатысушыларға, Миннесота университетінде оқитын жігіттерге терінің қызаруын, жүрек соғуы мен тыныс алу жиілігін тудыратын адреналиннің қоздырушы препаратымен инъекция жасады. Сынаққа қатысушыларға адреналин салудың осы салдарларын ескерткен кезде жігіттер тіпті қаскөй сезімді және эйфориялық көңіл күйдегі адамдар арасына түссе де, эмоциялық тұрғыда айтарлықтай өзгермеген. Әрине, олар өздерінің физикалық сезімдерін препарат салдарына байланысты деп түсіндіре салды. Зерттеуге қатысушы басқа топты адреналин жағымсыз реакция тудырмайды деп сендірді. Оларды да қастыққа бағытталған немесе «эйфориялық» адамдар арасына қосып отырғызған. Олар өздерін қалай сезінді және қалай жауап қайтарды? Қастық жасауға дайын тұрған адамдар оларды ашуландырған, ал «эйфориялық жағдай» – қызықтырған. Бұдан шығатын қорытынды: физикалық қозуды тудыратын эмоцияларды біз қалай ұғынамыз және санаттарға қалай бөлеміз? Бәрі осыған байланысты.

Шехтердің өзі пайымдағандай, басқа эксперименттер нәтижелері қозу айтарлықтай эмоциялық тұрғыда жіктелмегенін дәлелдейді. Оған қоса, физикалық қозу расында кез келген эмоцияны күшейтеді. Сонымен, радиокедергілер зерттеуге қатысушыларды оларға күшті жарық түсірілген кезде қозып, ерекше тітіркендіргені байқалған. Бірден велотренажер сабағы



немесе рок-топ концертінің видеожазбасын көргеннен кейін зерттеуге қатысушылар өздерінің қозу атрибуциясын анықтау кезінде бірде қателескен: олар мұны қандай да бір арандатуға жатқызған және «азғырушыдан» біртіндеп күшейетін агрессия негізінде кек алған. Дегенмен ақылмен пайымдап, мынадай ой қорытындысына келеміз: жүгіру кезінде Лурд «агрессиялы энергияны шығарып тастап» жайсыз хабарды сабырлы түрде қабылдау керек еді. Осы эксперимент нәтижелері қарама-қайшылықты көрсетеді, яғни қозу эмоция тудырады.

Осыған сәйкес, сексуалды қозу және қозудың тағы басқа формалары, оған қоса ашу-ыза да, бір-бірін күшейтуге қабілетті. Махаббат ешқашан төбелес немесе қорқыныштан кейінгідей соншалықты құмарлық болмайды. Лабораториялық жағдайда эротикалық стимулдар осының алдында қорқыныш сезінген зерттеуге қатысушыларды күштірек қоздырады. «Америка таулары» аттракционында сырғанаудан болған қозу да дәл солай өмірлік жолдасына деген романтикалық сезімге айналуы мүмкін.

Фрустрация немесе айналадағыларды қорлаушы әрекеттер қозуды күшейтеді. Мұндай жағдайда өшпенділік ойлармен, сезімдермен «тұтандырылған» қозу агрессивті реакцияларды тудыруға қабілетті.

Агрессивті сигналдар

Жоғарыда атап кеткендей, фрустрация-агрессия жайлы гипотезаны қарастыру барысында агрессия қоздырушылары ашу-ызасын сыртқа шығарған кезде зорлық-зомбылық әбден болуы мүмкін. Леонард Берковиц және басқалар қару түрінің өзі сигнал екенін анықтады. Бір сынақ барысында балалар ойыншық автоматтар және тапаншалармен ойнап болған соң достарының құрастырған құрастырмаларын бұзуға әуес болғандары анықталған. Тағы бір сынақта Висконсин штаты университетінің шәкірттері қатысқан еді. Ашулы жігіттердің жанында алдыңғы сынаққа қатысушылардан ұмыт қалған мылтық немесе тапанша болған жағдайда, олар өздерін мазалағандарды күшті тоқ соққысымен жазалаған болар еді. Қару-жарақ түрлері жаза қолдануға байланысты қаскүнемдік ой-пиғылдарды тудырады. Көзге көрініп тұрғандар санадан да орын тебеді. Бұл әсіресе қару реакциялық құрал емес, зорлық-зомбылық құралы ретінде қабылданған кезде маңызды. Аңшылар мылтық өздеріне арнап жасалмағанын білген кезде агрессивті ойлардан аулақ болады.

Сондықтан Берковицті АҚШ-та шамамен 300 миллион жеке қарумен, барлық кісі өлтірулердің жартысы атыс қаруын қолданумен жасалатыны ұрлықшыларға қарағанда үйде сақталатын қарумен отбасы мүшелерін жиі өлтіретіні мүлдем таңғалдырмайды. «Қару-жарақ зорлық-зомбылықты тудыру мүмкіндігін арттырып қана қоймай, соны қолдануға шабыттандырады. Иә, тетікті саусақ басады, бірақ тетік те саусақты басуға қабілетті», – деп жазды.

Берковицті тұрғындары атыс қаруын еркін сатып алуға және сақтауға құқығы жоқ елдерде қылмыс деңгейі төмен болған жағдайлар да таңғалдырмайды. Ұлыбритания тұрғыны АҚШ тұрғынынан 4 есе ғана аз, ал кісі өлтіру саны ол жақта 16 есе аз. Вашингтонда азаматтардың атыс қаруына шектеу қоятын заң қабылдағаннан кейін қару қолданып кісі өлтіру және өз-өзіне қол салу саны бірден 25%-ға қысқарған. Ал кісі өлтіру және өзін-өзі өлтіру тәсілдерінде ешқандай айырмашылық болған жоқ, сондай-ақ жақын жердегі қалаларда қылмыстық істерде ешқандай айырмашылық байқалмады.

Қару агрессия қоздырушысы рөлін ойнап қана қоймай, агрессор мен құрбан арасындағы психологиялық дистанцияны құрады. Ал бізге Милгрэм тәжірибелерінен белгілі болғандай, құрбанның жоқ болуы қатыгездікке «шектеу қояды». Пышақпен де өлтіруге болады, бірақ пышақпен адамға бас салу қашықтықта тұрып тетікті баса салуға қарағанда қиынырақ.

Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері: порнография мен сексуалды зорлық-зомбылық

Ережеге сәйкес, сексуалды зорлық-зомбылықтың қарапайым көрінісі – еркек әйелді жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеп жатқанын бейнелейтін көрініс. Алғашқыда ол



қарсы болады және зорлық көрсетушіден құтылуға тырысады. Бірақ оны сексуалдық қозу билегенде, оның қарсылығы жоққа теңеледі. Соңына келгенде, ол экстаздық жағдайға түседі және жалғасуын тілейді. Біздің әрқайсысымызға оның порнографиялық емес нұсқасын көруге немесе оқуға тура келген: әйел қарсыласады, еркек ойын іске асырады. Күшті еркек қарсыласқан әйелді құшақтап сүйе бастайды. Бір секундтан соң, қазір ғана оны итеріп жатқан әйелдің қолдары енді оны қатты құшақтай бастайды, ал бойын құмарлық билеген кезде қарсыласуды қояды.

Әлеуметтанушылардың ойынша, әйелмен арпалыста еркек жеңіскер болып, оны қоздыруы, осыған ұқсас көріністерді бейнелеу көрермендердің сексуалды зорлық-зомбылыққа әйелдердің шынайы реакциясы туралы көзқарасын бұрмалайды және әйелдерге қатысты еркектердің агрессиясын күшейтеді.

Әйелдерге қатысты агрессия

Бірақ, мүмкін, порнография зорлық тудырмайтын шығар; мүмкін, бәрі адамдардың өзіне байланысты шығар? Осыған көз жеткізу үшін міндетті түрде тәжірибе жүргізу керек. Мысалы, кездейсоқ бірнеше адамға порнография көру жөнінде ұсыныс жасалды. Осындай тәжірибенің бірінде Висконсин штаты университетінен 120 еркек қатысты. Сыналушыларды үш топқа бөле отырып, олардың біріне нейтралды, екіншісіне эротикалық және үшіншісіне – зорлау көрінісі бар агрессивті эротикалық фильм көрсетті. Содан соң жаңа тәжірибе аясындағы сыналушылар сынақ жүргізуші көмекшісін мағынасыз тіркестерге «үйретті»; дұрыс емес жауаптары үшін «оқушыларды» электр ток соққысымен жазалаған. Зорлау көрінісі бар фильмді тамашалаған еркектер «оқушыларды» әсіресе ашуланған кезде және «құрбаны» әйел адам болған жағдайда айтарлықтай қатал жазалаған

Жүргізілген сынақ нәтижелеріне әлеуметтану ғылымы саласындағы алдыңғы қатарлы 21 маман бірауыздан келісті. «Зорлық-зомбылықты насихаттайтын порнографиялық материалдар әйелдерге қатысты агрессивті іс-әрекетті күшейтеді».

Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері: теледидар және интернет

Біздің білетініміздей, Бобо қуыршағының агрессивті іс-әрекеттерінің мысалдары балалардың агрессивті энергияларын босатуына ықпал жасайды және оларды агрессиясын сыртқа шығарудың жаңа тәсілдеріне үйретеді. Неғұрлым сексуалдық зорлық-зомбылықтың көптеген көріністерін көрген ызаланған ер адамдар, соғұрлым әйелдерге қатысты қатыгез әрекеттерге бейім болатыны да бізге белгілі.

Телебағдарламаларды қарау мен агрессия арасындағы байланысты зерттеудің мақсаты – бұлардың арасындағы, осындай агрессиялық көріністердің көрерменге әсерін білу. Теледидар көрермендердің мінез-құлқына және ойлау қабілетіне қалай әсер етеді? Зерттеушілерді осы мәселе қызықтырады.

БАҚ-тың іс-әрекетке әсері

Телекөрермендер кейіпкерлерге еліктей ме? Теледидардан көрсететін зорлық-зомбылықты қайталайтын балалар көбейіп барады. Мысалы, 13 жастағы бала теледидардан көрген іс-әрекеттерге еліктеп, өзінің 5 жасар қарындасын өлтірген. Ол теледидардан көрсетілген іс-әрекеттерді қайталаған және тағы бір мысал, бауырларының қолынан өлген үнді баласы. Бауырлары мультфильмде көрген іс-әрекетке еліктеген.



Телебағдарламаларды көру және іс-әрекет арасындағы байланыс

Қылмыстар жайлы әңгімелердің ғылыми негіздемесі жоқ. Сондықтан зорлық-зомбылық көріністері бар телебағдарламаларды қарау әсерін зерттеу үшін мамандар корреляциялық және эксперименталды зерттеулер жүргізуде. Мектеп оқушыларымен жұмыс жасау барысында олар, ережеге сай, мына сұраққа жауап іздейді: телебағдарламаларды көру олардың агрессивтілігін анықтай ма? Белгілі дәрежеде солай. Бала экраннан зорлық-зомбылық көріністерін неғұрлым көп көрсе, ол соғұрлым агрессивті болады. Мұндай корреляция белгілі бір деңгейде АҚШ-та, Еуропа және Австралияда тұрақты түрде байқалып жатады.

Леонард Ирон және Роуэл Хьюсман да осыған ұқсас нәтижелерді байқаған. 8 жасар балаларды зерттеп, авторлар «үшінші фактор» ретінде болуы мүмкін кейбір параметрлерді статистикалық тұрғыда жоюдан соң да теледидарға деген әуестік пен агрессивтілік арасындағы корреляцияны анықтады. Сонымен бірге дәл осы зерттелушілерді 11 жылдан соң қайта зерттеу барысында, авторлар 8 жаста зорлық-зомбылық көріністерін көру 19 жаста агрессивтілікті арттыратынын анықтады, бірақ 8 жастағы агрессивтілік 19 жастағылардың телевизиядан көрсетілетін зорлық-зомбылыққа әуестігін арттырмайды.

Телебағдарламаларды көру не себептен іс-әрекетке әсер етеді?

Корреляциялық және эксперименттік зерттеулер нәтижелерінің сәйкес келетін тұстарында зерттеушілер зорлық-зомбылық көріністерін визуалды қабылдау неге осылай әсер етеді деген сұраққа жауап іздеумен айналысты. Мүмкін болатын үш нұсқаны қарастырамыз. Олардың бірі агрессияны тудыратын қозу. Жоғарыда айтылып кеткендей, қозу «көшкін» тәрізді өседі: қозудың бір түрі басқа іс-әрекеттерді тудырады.

Басқа зерттеу нәтижелері бойынша зорлық-зомбылықты визуалды қабылдауы тежелуге алып келетінін дәлелдейді. Бандура экспериментінде ересектің «бобо» қуыршағын ұрып-соғып осындай жағдайлардың етек алуына себепші болған және балалар өзін-өзі бақылай алмайтын жағдайға жеткен. Зорлық-зомбылықты визуалды қабылдау көрерменді осындайға итермелейді немесе ол оның ойын дәл соған бағыттайды. Сексуалды зорлық-зомбылықты насихаттайтын әндер жас жігіттерге де осылай әсер етеді деген ой туындайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары насихаттайтын кейіпкерлер әрқашан өз еліктеушілерін табады. Бандура экспериментіне қатысушы балалар өздері куә болған іс-әрекеттерді қайталаған. Телевизия көрермендерді экранда көрген іс-әрекетке еліктіреді деген фактіге коммерциялық теледидардың келісуі қиын: жарнама берушілердің тұтынуды моделдеуі дәл осы бағытқа негізделген емес пе? Дегенмен медиа басқарушылар қоғамдағы зорлық-зомбылықты көрсететін айна іспетті екенін, өнер – өмірдің өзінен туындайтынын айтқанмен, біздің бұған күмәніміз көп. Түптеп келгенде, теледидар шынайы өмірді бейнелемейді.

Телевизияның ойлауға әсері

Шынайы өмірді қабылдау кері әсер ете ме? Джордж Гербнер және оның әріптестері теледидардың басты күші де – осында деп тұжырымдайды. Олардың жасөспірімдер мен ересектерге жүргізген сауалнамаларының нәтижелері теледидар алдында күніне 2 сағаттан артық уақыт өткізбейтін респонденттерге қарағанда телебағдарламаларды көруге әуес респонденттер әлемдегі қылмыс деңгейін арттыруға бейім болып келеді және өз өмірлері үшін көбірек алаңдайды. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көріністерін көрген соң Оңтүстік Африка Республикасының қыз-келіншектері де осыған ұқсас қорғансыздық сезімін басынан кешірген. 7–11 жас аралығындағы балаларға жалпы америкалық сауалнама жүргізу барысында анықтағандай, олардың ішіндегі «телемандары» үйде ұрлықшылардан, ал көшелерде – кездейсоқ жүргіншілерден қорқатынын мойындаған. Теледидар алдында көп уақыт өткізетіндерге әлем қорқынышты болып көрінеді. Адамдардың өмір шындығын қабылдауы сол арқылы қалыптасады.



Жаңа эксперименттер нәтижелері зорлық-зомбылық көріністері бар видеофильмдерді қарау агрессияға байланысты ойлардың туындауына ықпал ететіні жайлы айтуға мүмкіндік береді. Қатыгездікті визуалды қабылдайтын адамдар айналасындағылардың іс-әрекетіне күмәнмен қарап, тек жамандық күтуге бейім келеді.

Топтың әсері

Топтардың агрессивті реакцияны күшейту мүмкіндіктері, көбіне, жауапкершіліктің «жойылып кетуіне» байланысты. Соғыс кезінде қарсыласқа шабуыл жасау шешімін әдетте, соғысты алыста отырып бақылайтын басшылар қабылдайды. Олар тек бұйрық береді, ал бұл бұйрықты орындайтындар – басқа адамдар. Осындай қашықтық агрессивті іс-әрекеттер насихатына қалай ықпал етеді?

Әлеуметтік «жұқтыру» басқа үрдістерді бір-біріне қалай қарама-қарсы қоятын болса, топтың агрессивті бейімділіктері де дәл сондай күшейеді. Оған мысалы жастар бандасы, футбол жанкүйерлері, қарақшы-жауынгерлер, қаладағы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысушылар, сонымен қатар, скандинавиялықтар «тобыр» деп атайтын – өздерінен әлсіз сыныптастарының жүйелі түрде мазаларын алатын және оларға шабуыл жасайтын оқушылар тобы болуы мүмкін. Мұндай «тобыр» әрекеттері – типтік топтық белсенділік деп аталады.

«XX ғасырдағы адамдарды жаппай қыру, 150 миллиондай адамның өмірін қиған оқиға «индивидуалды іс-әрекеттер жиынтығы» болған жоқ», – деді Роберт Зайонц. «Геноцид – барлық жасалған қылмыстардың толық жиынтығы емес, мүлдем басқа нәрсе». Жаппай қырып-жою – «моральды императивтермен» – топты немесе мәдениетті төтенше іс-әрекеттерге жұмылдыратын ұжымдық ментальдықтан туындаған әлеуметтік феномен.

Крейг Андерсон және Брэд Бушман сынды әлеуметтанушылар агрессияны зертханалық жағдайда ғана емес, шынайы өмірлік жағдайларда да зерттелгені жайлы атап өткен және бұл зерттеу нәтижелерінің ұқсастығы таң қалдырады. Лаборатория жағдайында да, шынайы өмірлік жағдайда да агрессияның ұлғаюының болжамдық параметрлері мыналар болып есептеледі:

- Индивидтің ер жынысына жатуы;
- Индивидтің табиғи агрессивтігі және оның ызақорлығы;
- Алкоголь пайдалануы;
- Зорлық-зомбылық көріністерін визуалды қабылдауы;
- Анонимдік;
- Арандатушылық;
- Қару-жарақтың болуы;
- Топтың араласып кедергі жасауы.

Зертханалық сынақтар бізге теорияларды тексеруге және оларды бақылау жағдайындағы тексеруді теріске шығаруға мүмкіндік береді. Шынайы өмір – өз теорияларымызды қолдануға болатын идеялар көзі және «сынақ полигоны». Агрессияны зерттеу нәтижелері зерттеу лабораториялары мен адамның шынайы өмір арасындағы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді, сөйтіп, психология ғылымына үлес қосады. Шынайы өмірде ерекшеленген идеялар зертханалық сынақтардың дамуын жетілдіретін жаңа теориялардың құрылуына түрткі болады. Лабораториялық зерттеулер біздің шынайы өмір құбылыстарын терең түсінуімізге көмектеседі және нақты мәселелерді шешуде психологияны қолдануға зор мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зорлық-зомбылықты көру:

(1) агрессивті мінез-құлыққа деген құштарлықты арттырады. Әсіресе, арандатылған адамдар соған жақын болады.



Кітап: Әлеуметтік психология
Тарау: 3. Конформизм. Иландыру. Агрессия
Дәріс: 13. Агрессияға не әсер етеді?

(2) Көермендердің агрессияға деген сезімталдығын төмендетіп, олардың шындықты қабылдауын өзгертеді.

Мұндай зерттеулер порнографиялық фильмдерді көру қорытындыларына да қатысты. Сондай фильмдерді тамашалау арқылы ер адамдардың әйелдерге деген агрессиясы артады. Бұған қоса, ерлер әйелдерді жыныстық мәжбүрлеуге дейін барады.

Көптеген агрессияны үлкен топтар жасайды. Жеке адамды арандатқан жағдайлар бірнеше кісіні де азғыруы мүмкін. Жауапкершілікті көбейтудің арқасында топтық жағдайларда агрессиялық реакция да артады.